

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 қаңтардағы N 19 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын қаржы дағдарысынан шығару және оның төлем жасау қабілетін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2173 U952173_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамы дәрменсіз борышкер деп танылып, соттан тыс қайта ұйымдастыру процедуралары жүргізілсін.

Қайта ұйымдастыру процедураларының күші жүретін кезеңде кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру тоқтатылсын. "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына берешектерін өтеудің мерзімін келісу тапсырылсын.

2.<*>

3.<*>

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі оның қаржы-шаруашылық қызметін тұрақтандыру жөніндегі бірінші кезектегі шараларға сәйкес сауықтыру жоспарын әзірлеп, бекіткенге дейін "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамына кредит беруді бастасын.

ЕСКЕРТУ. 2-ші тармақтың және 3-ші тармақтың 1-абзацының күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.09.28. N 1187 қаулысымен.

P961187_

4.<*>

5.<*>

6.<*>

ЕСКЕРТУ. 4, 5, 6-шы тармақтар күшін жойды - ҚРҰ-нің 1996.09.28. N 1187 қаулысымен. P961187_

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Казинтерметалл" акционерлік қоғамымен "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын басқару контрактын бұзып, мемлекеттік акциялар пакетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкiне б е р с і н ;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен, Талдықорған облысының әкімімен бірлесіп, "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамының әлеуметтік сала объектілерін Текелі қаласы әкімінің балансына берсін.

8. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі және Талдықорған облысының әкімі мемлекеттік акциялар пакетін сыртқы басқаруға берілуі және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі бөлген кредиттердің қайтарылу мүмкіндігін ескеріп, "Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік қоғамын жекешелендіру жөніндегі дайындық жұмысын 2 ай мерзімде жүргізісін.

Үкіметтің кепілдігінсіз "ФОРЭС" бағдарламасының қор алмасуы бойынша халықаралық қаржы институттары арқылы шетелдік инвестицияларды тарту негізінде комбинатты дамыту мүмкіндігі қарастырылсын.

9. Осы қаулының жүзеге асырылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Г.О.Штойкқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
5 қаңтардағы
N 19 қаулысына
1 қосымша

"Текелі қорғасын-мырыш комбинаты" акционерлік
қоғамына қайта ұйымдастыру процедураларын
жүргізу жөніндегі мемлекеттік комиссияның
Құрамы

- Мұртазаев М.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары, комиссия төрағасы
- Мүржіков Т.Е. - Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші банкінің бас маманы, комиссия төрағасының орынбасары
- Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
- Комиссия мүшелері:

- Әбілқасымов С.С. - Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы жұмыспен қамтамасыз ету департаментінің төрағасы
- Ахметов Ф.И. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі экономикалық саясат жөніндегі басқарма бастығының орынбасары
- Баяндаров А.Е. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі түсті металлургия жөніндегі департаментінің директоры
- Берлизева Л.В. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі материалдық өндіріс салалары басқармасының бөлім бастығы
- Биекенов С.К. - Қазақстан Республикасы Кеден комитеті кеден бақылауын ұйымдастыру басқармасы бастығының орынбасары
- Құлдаров Е. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бас салық инспекторы
- Павлий А.А. - Текелі қаласының әкімі
- Раханов М.С. - Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары
- Русинов Н.И. - Талдықорған облысы әкімінің

орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК